



010000, Астана қаласы, «Министрліктер Үйі»
тел.: (7172) 74-24-28, (7172) 74-24-16

010000, город Астана, «Дом министерств»
тел.: (7172) 74-24-28, (7172) 74-24-16

№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісі

Қазақстан Халық Партиясы
фракциясы депутаттарына

2023 жылғы 29 маусымдағы
№ ДЗ-284 хатқа

Құрметті депутаттар!

Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі (бұдан әрі - Министрлік) «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 564 бұйрығына (бұдан әрі - Бұйрық) өзгеріс енгізуге қатысты депутаттық сауалды қарап, мынаны хабарлайды.

Бұйрыққа сәйкес 1-сыныпқа құжаттарды қабылдау 1 сәуірден 1 тамызға дейін жүзеге асырылады. Бұл норма квотаны уақтылы орналастыруды және сынып жиынтықтарын қалыптастыруды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін білім беру ұйымының бюджетін тиімді бөлуді қамтамасыз ету, сондай-ақ сынып жиынтықтарының толып кетуіне жол бермеу мақсатында енгізілді.

Бұйрыққа сәйкес бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдары арасында балаларды ауыстыру үшін құжаттарды қабылдау каникул кезеңінде (*сот шешімін қоспағанда, басқа елді мекенге көшу, Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге тұрақты тұруға кету*) жүзеге асырылады. Бұл норма оқушының оқу сабақтастығын және тоқсанды сәтті аяқтауын қамтамасыз ету үшін енгізілген.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігімен бірлесіп «Invisible government» жобасы шеңберінде «мектепке қабылдаудың» өмірлік жағдайын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары әзірленді, ведомствоаралық жұмыс тобы құрылды.

Осыған байланысты, Министрлік «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан



Издатель ЭЦП - Удостоверяющий центр Государственных органов,
Республика Казахстан, KZ, САБЫРҰЛЫ, ОСПАН ЕДІЛ

Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 564 бұйрығына өзгеріс енгізу мәселесін қарайды, оның шеңберінде Сіздің ұсыныстарыңыз қаралатын болады. Оның ішінде бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдары арасында білім алушыларды бір білім беру ұйымынан екінші білім беру ұйымына каникулдан тыс уақытында ауыстыру бөлігінде өзгерістер енгізілетін болады.

**Министрдің
міндетін атқарушы**

Е.Оспан

Орынд.С.Казиханова, 74-23-29



Издатель ЭЦП - Удостоверяющий центр Государственных органов,
Республика Казахстан, KZ, САБЫРҰЛЫ, ОСПАН ЕДІЛ



010000, Астана қаласы, «Министрліктер Үйі»
тел.: (7172) 74-24-28, (7172) 74-24-16

010000, город Астана, «Дом министерств»
тел.: (7172) 74-24-28, (7172) 74-24-16

№ _____

**Мажилис Парламента
Республики Казахстан**

**Депутатам фракции
«Народной партии Казахстана»**

На №ДЗ-284 от 29.06.2023г.

Уважаемые депутаты!

Министерство просвещения Республики Казахстан (далее - Министерство), рассмотрев Депутатский запрос касательно внесения изменения в Приказ Министра образования и науки Республики Казахстан от 12 октября 2018 года № 564 «Об утверждении Типовых правил приема на обучение в организации образования, реализующие общеобразовательные учебные программы начального, основного среднего и общего среднего образования» (далее – Приказ), сообщает следующее.

Согласно Приказу прием документов в 1 класс осуществляется с 1 апреля по 1 августа. Данная норма внесена в целях обеспечения своевременного размещения квоты и эффективного распределения бюджета организации образования, позволяющего осуществить формирование класс-комплектов, а также во избежание переполненности класс-комплектов.

В соответствии с Приказом прием документов для перевода детей между организациями начального, основного среднего, общего среднего образования осуществляется в каникулярный период (*за исключением решения суда, переезда в другой населенный пункт, выезда за пределы Республики Казахстан на постоянное место жительства*). Данная норма внесена для обеспечения соблюдения преемственности обучения и логического завершения четверти школьником.

В настоящее время совместно с Министерством цифрового развития, инноваций и аэрокосмической промышленности Республики Казахстан разработан План мероприятий по реализации жизненной ситуации «Зачисление в школу» в рамках проекта «InvisibleGovernment», создана Межведомственная рабочая группа.

В связи с этим, Министерством рассматривается вопрос внесения изменения в приказ Министра образования и науки Республики Казахстан от 12 октября 2018



Издатель ЭЦП - Удостоверяющий центр Государственных органов,
Республика Казахстан, KZ, САБЫРҰЛЫ, ОСПАН ЕДІЛ

года № 564 «Об утверждении Типовых правил приема на обучение в организации образования, реализующие общеобразовательные учебные программы начального, основного среднего и общего среднего образования», в рамках которого будут рассмотрены Ваши предложения. В том числе, будут внесены изменения в части перевода обучающихся между организациями начального, основного среднего, общего среднего образования.

**Исполняющий обязанности
министра**

Е.Оспан

Исп. С.Казиханова, 74-23-29



Издатель ЭЦП - Удостоверяющий центр Государственных органов,
Республика Казахстан, KZ, САБЫРҰЛЫ, ОСПАН ЕДІЛ



БҰЙРЫҚ

2023 жылғы 4 шілде
Нұр-Сұлтан қаласы

ПРИКАЗ

№ 260-р
город Нур-Султан

Еңбек демалысы туралы

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 38-бабының 1-тармағына және 54-бабының 1, 2-тармақтарына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2023 жылғы 18 наурыздан бастап 2024 жылғы 17 наурызға дейінгі жұмыс кезеңі үшін сауықтыру үшін 2 (екі) лауазымдық жалақы көлемінде жәрдемақы төлей отырып 4 (төрт) күнтізбелік күн мерзімінде және 2022 жылғы 18 наурыздан бастап 2023 жылғы 17 наурызға дейінгі жұмыс кезеңі үшін 8 (сегіз) күнтізбелік күн мерзімінде 2023 жылғы 17-28 шілде аралығында 12 (он екі) күнтізбелік күн мөлшерінде жыл сайынғы еңбек демалысына шығамын.

2. 2023 жылғы 17-28 шілде аралығында Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің міндеттерін атқаруды вице-министр Еділ Сабырұлы Оспанға жүктеймін.

3. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Негіздеме: Ғ.Б. Бейсембаевтың 2023 жылғы 26 маусымдағы өтініші, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2022 жылғы 27 маусымдағы №10-27/3007 келісімі.

Министр



Ғ. Бейсембаев